

## **Соттардың салық заңнамасын қолдануының кейбір мәселелері туралы**

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 22 желтоқсандағы № 9 Нормативтік қаулысы.

Соттардың салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы заңнаманы қолдану практикасын зерделеп және оны біркелкі қолдану мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы мынадай түсіндірмелер беруге қаулы етеді:

1. Салық заңнамасы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 2-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Конституциясына (бұдан әрі – Конституция) негізделеді, Салық кодексінен, сонымен қатар қабылдануы Салық кодексінде көзделген нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

Соттар Қазақстан Республикасы салық заңнамасының нормаларын қолдану кезінде Конституцияның 12-бабының 2-тармағына сәйкес Салық кодексін және онда көзделген нормативтік құқықтық актілерді қоса алғанда, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуын айқындайтын Конституцияның 1-бабының 1-тармағында белгіленген құндылықтарды негізге алуы қажет.

Мұндай нормативтік құқықтық актілерге Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық қаулылары, салық органдары жүйесіндегі уәкілетті орган басшысының нормативтік құқықтық бұйрықтары, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі басшысының нормативтік құқықтық бұйрықтары, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті өкілді органдарының жекелеген салықтардың мөлшерлемелерін және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді белгілеу туралы нормативтік құқықтық шешімдері жатады.

Салық кодексінің 10-бабына сәйкес салық салу мәселелерін реттейтін нормативтік құқықтық актілер міндетті түрде ресми жариялануға жатады.

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Құқықтық актілер туралы заң) 35-1-бабына сәйкес уәкілетті орган басшысының, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің жоғарыда көрсетілген нормативтік құқықтық бұйрықтарының және жергілікті өкілді органдардың құқық нормаларын қамтитын, оның ішінде азаматтардың құқықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық шешімдерінің күшіне енуінің қажетті шарты оларды әділет органдарында мемлекеттік тіркеу болып табылады.

Соттар салық дауларын қарау кезінде осы шарттарға сәйкес келмейтін нормативтік құқықтық актілерді қолдануға құқылы емес.

Салықтық әкімшілендіру мәселелері бойынша қабылданған және салық органы әрекетті (әрекетсіздікті) орындаған немесе ол шешім шығарған кезде қолданысқа енгізілген нормативтік құқықтық актілер осы әрекеттерді (әрекетсіздікті) орындау немесе шешім шығару кезінде қолданылуға жататынын соттар назарда ұстағаны жөн. Салық төлеушінің салықтық міндеттемесінің немесе салық агентінің міндеттері туындауына, орындалуына немесе тоқтатылуына байланысты салық қатынастарына салық төлеушінің салықтық міндеттемесі немесе салық агентінің міндеті туындаған, орындалған немесе тоқтатылған кезде қолданыста болған нормативтік құқықтық актілер, егер қолданысқа жаңадан енгізілген нормативтік құқықтық актілердің немесе нормаларының оларды қолданысқа енгізу туралы заңнамалық актіге сәйкес кері күші болмаса, қолданылуға жатады. Бұл ретте барлық жағдайда Салық кодексінің 3-бабы 5-тармағына сәйкес салықтың және (немесе) бюджетке төленетін төлемдердің жаңа түрін белгілейтін, мөлшерлемелерді арттыратын, жаңа міндеттер белгілейтін, сондай-ақ салық төлеушінің (салық агентінің) жағдайын нашарлататын Қазақстан Республикасы заңдары ережелерінің кері күші болмайды.

Салық кодексінің 19-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес салық органдары өз құзыреті шегінде салықтық міндеттеменің туындауы, орындалуы және тоқтатылуы жөнінде түсіндірмелерді жүзеге асыруға және түсініктемелер беруге міндетті. Мұндай түсіндірмелер мен түсініктемелер, сондай-ақ әдістемелік ұсынымдар, оның ішінде уәкілетті органның әдістемелік ұсынымдары нормативтік құқықтық актілерге жатпайды. Сот оларды салық заңнамасының нормаларына сәйкестігін ескере отырып бағалауға тиіс.

Салық органдары салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді жинау бойынша өздері жүзеге асыратын, оның ішінде салықтық бақылауды жүзеге асыруға, мерзімінде орындалмаған салықтық міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдері мен салықтық берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу шараларын қолдануға, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді және Салық кодексінде белгіленген салықтық әкімшілендірудің өзге де нысандарын көрсетуге негізделген шаралар мен тәсілдер жүйесін (жиынтығын) қамтитын салықтық әкімшілендіруді жүзеге асырады.

Салық саясатын (жаңа салықты және бюджетке төленетін төлемдерді белгілеу және қолданыстағыларының күшін жою, салық және бюджетке төленетін төлемдер бойынша мөлшерлемелерді, салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді, салық базасын өзгерту жөніндегі шаралар жиынтығы) салық саясаты саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

2. Салық салу мақсатында заңнама нормаларын қолдану кезінде Салық кодексінің 2-бабы 3-тармағында белгіленген оның нормаларының басымдығын негізге алған жөн.

Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта Салық кодексіндегіден өзгеше қағидалар белгіленсе, аталған шарттың қағидалары қолданылады (Салық кодексінің 2-бабының 5-тармағы). Конституцияның 4-бабы 3-тармағына сәйкес Қазақстан қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Республиканың заңнамасында айқындалады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының нормаларын халықаралық ұйымдар мен олардың органдарының шешімдерін орындау тәртібіне қатысты қолданыста ресми түсіндіру туралы" 2009 жылғы 5 қарашадағы № 6 Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесінің нормативтік қаулысына сәйкес Қазақстан қатысушысы болып табылатын, атап айтқанда Еуразиялық экономикалық одаққа (ЕАЭО) және олардың органдарына қатысушы болып табылатын халықаралық ұйымдардың, мемлекетаралық бірлестіктердің нормативтік шешімдері мен өзге де нормативтік құқықтық актілері халықаралық шарттарға теңестіріледі және оларды қолдану кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының, оның ішінде салық заңнамасының нормаларынан басымдығы болады.

Егер ратификацияланған халықаралық шартта Қазақстан Республикасының Үкіметіне салық салу құқығы берілсе, бірақ ұлттық заңнамада аталған құқық іске асырылмаса (жеңілдік болса), онда ұлттық заңнама қолданылуға жатады.

Халықаралық шарттардың ережелерін қолдану кезінде шарт субъектілердің арнайы тобына қолданылатынын ескеру қажет. Әдетте, қосарланған салық салуды болдырмау туралы конвенцияларда мұндай субъектілерге уағдаласушы мемлекеттердің резиденттері жатады.

Қосарланған салық салуды болғызбау туралы конвенцияларды түсіндіру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасында және халықаралық шарттарда көзделген түсіндірудің жалпы қағидалары, егер мұндай түсіндіру қағидалары 1993 жылғы 31 наурыздағы № 2059-ХІІ Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулысының негізінде Қазақстан Республикасы қосылған Халықаралық шарттар құқығы туралы Вена конвенциясының ережелеріне сәйкес келсе, қолданылады.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

3. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 1-бабының 4-тармағына сәйкес заңнамалық актілерде көзделген жағдайларды қоспағанда, салық қатынастарына азаматтық заңнама қолданылмайды. Осыған байланысты соттар салық қатынастарын азаматтық заңнамамен реттелетін мүліктік қатынастардан ажыратқаны жөн.

Салық кодексінің 1-бабы 4-тармағына сәйкес Салық кодексінде пайдаланылатын Қазақстан Республикасының азаматтық және басқа да заңнамасы салаларындағы ұғымдар, егер Салық кодексінде өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы заңнамасының сол салаларында пайдаланылатын мағынасында қолданылады. Қазақстан Республикасы заңнамасының әртүрлі салаларындағы сол бір ұғымдардың мағынасын айқындау кезінде Салық кодексінде пайдаланылатын ұғымдар Салық кодексінің сілтеме жасалған нормалары көрсетілетін Қазақстан Республикасы заңнамасының тиісті саласында олар қандай мағынада пайдаланылса, сол мағынада қолданылуға жатады.

Салық кодексінде пайдаланылатын және салық салу және салықтық есепке алу мақсатында Салық кодексінің нормаларында сілтеме жасалған Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының ұғымдары, оның ішінде "ұйымдар", "кірістер", "шығыстар", "активтер", "міндеттемелер" ұғымдары салық қатынастарына Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасында пайдаланылатын мағынада қолданылуға жатады.

Салық кодексінің 116-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес өсімпұл белгіленген мерзімде орындалмаған салықтық міндеттемені орындауды қамтамасыз ету тәсілдерінің бірі болып табылады. Сондықтан мерзімінде төленбеген салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер сомасына есепке жазылатын өсімпұл мөлшерін АҚ-нің 297-бабының негізінде азайтуға, сондай-ақ Салық кодексінің 117-бабының 3-тармағында, 158-бабының 7-тармағында көзделмеген негіздер бойынша өсімпұл төлеуден босатуға жол берілмейді.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

4. Салық органдары анықтаған мынадай бұзушылықтар бойынша:

жазып берілуі жөніндегі әрекетті (әрекеттерді) заңды күшіне енген сот актісімен жеке кәсіпкерлік субъектісі іс жүзінде жұмыстарды орындамай, қызметтерді көрсетпей, тауарларды тиеп-жөнелтпей жасаған (жасалған) деп танылған шот-фактураның негізінде;

заңды күшіне енген сот шешімінің негізінде жарамсыз деп танылған мәмілелер бойынша корпоративтік табыс салығын (бұдан әрі – КТС) есептеу кезінде шығыстарды шегерімнен алып тастау және сатып алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша қосылған құн салығының (бұдан әрі – ҚҚС) сомасын есепке жатқызудан алып тастау бойынша осындай негіздер де Салық кодексінің нормаларында қамтылған.

Көрсетілген әрбір негіздердің өзіндік дәлелдеу нысанасы мен дәлелдемелер шеңбері бар.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

5. Азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке ірі залал келтірген жеке кәсіпкерлік субъектісінің мүліктік пайда алу мақсатында іс жүзінде жұмыстар орындалмай, қызметтер көрсетілмей, тауарлар тиеп-жөнелтілмей шот-фактура жазу бойынша әрекеттерді жасауы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) 216-бабы бойынша қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады.

Салық төлеушінің, атап айтқанда, ҚҚС бойынша тіркеу есебінде тұрмаған төлеушінің, сол сияқты жұмыстар орындауды, қызметтер көрсетуді, тауарлар тиеп-жөнелтуді іс жүзінде жүргізбеген тұлғаның жазып берген және ҚҚС сомасын қамтитын жалған шот-фактураны жазып беруі, қылмыстық құқық бұзушылық белгілері болмаған кезде Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі – ӘҚБтК) 280-бабы бойынша әкімшілік жауаптылыққа алып келеді.

ӘҚБтК-нің 280-бабына ескертпеге сәйкес жалған шот-фактура деп жұмыстар орындауды, қызметтер көрсетуді, тауарлар тиеп-жөнелтуді іс жүзінде жүргізбеген тұлға жазып берген және ҚҚС сомасын қамтитын шот-фактура танылады.

Заңды күшіне енген үкіммен, қылмыстық істі тоқтату туралы сот қаулысымен, қылмыстық қудалау органының ақталмайтын негіздер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тоқтату туралы қаулысымен, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулымен тұлғаның шот-фактураны жазып беру жөніндегі әрекеттері іс жүзінде жұмыстарды орындамай, қызметтерді көрсетпей, тауарларды тиеп-жөнелтпей жасалды деп танылған, яғни жалған шот-фактураны жазып беру КТС-ны есептеу кезінде шығыстарды шегерімдерден алып тастау және сатып алынған тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша ҚҚС сомасын есепке жатқызудан алып тастау үшін негіз болып табылады.

Салық органдарынан жасалғаны жалған шот-фактуралармен расталған мәмілелерге дау айту туралы талап қоюды беру талап етілмейді.

Салық органы КТС және ҚҚС бойынша сомаларды тиісті есепке жазуды жалған шот-фактураны жазу бойынша әрекеттердің жасалғаны анықталған заңды күшіне енген актілердің негізінде жүзеге асырады.

**Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

6. Салық кодексінің 19-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес салық органдары соттарға АК-нің 49-бабы 2-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында



көзделген негіздер бойынша мәмілелерді жарамсыз деп тану, заңды тұлғаны тарату туралы талап қоюларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті мен міндеттеріне сәйкес өзге де талап қоюларды беруге құқылы.

Мәлімделген талап қоюды негіздеу үшін салық органы мәміле тараптарының міндеттемелерді іс жүзінде орындамағанын және оларды орындаудың объективті мүмкіндігінің болмағанын куәландыратын дәлелдемелер келтіруге міндетті.

Дәлелдемелерді жинауды салық органы құзыретіне сәйкес, салықтық әкімшілендіру шеңберінде, оның ішінде мәмілені жарамсыз деп тану туралы сотқа талап қою берілгенге дейінгі салықтық бақылау арқылы (салықтық тексеру нысанында және мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандарында) жүзеге асырады.

Соттың мынадай мән-жайларды:

1) дау айтылатын мәміленің негізгі мақсаты салықтарды төлемеу немесе толық төлемеу болып табылатынын;

2) мәміле бойынша міндеттемені контрагенттің өзі немесе мәмілені орындау бойынша міндеттеме шартпен немесе заңмен берілген тұлғаның орындамағанын анықтауы мәмілені жарамсыз деп тану туралы талап қоюды қанағаттандыру үшін негіз болып табылады.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

7. Тараптардың жарыспалылығы мен тең құқықтылығы қағидаттарына сәйкес салық органдары камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықтаған Салық кодексінің 96-бабы 3-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны жіберу бойынша салық органдары лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) сотқа шағым берілген жағдайларда контрагенттер өз тарапынан мәміленің жарамдылығын дәлелдеуге құқылы, салық төлеуші соттың заңды күшіне енген шешімінің негізінде тіркелуі (қайта тіркелуі) жарамсыз деп танылған заңды тұлғадан және (немесе) дара кәсіпкерден тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді іс жүзінде алғанын дәлелдеуге құқылы.

Салық кодексінің 8-бабының 1-тармағы ережелерінің негізінде салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық міндеттемені орындау жөніндегі әрекеттерді (әрекетсіздікті) жүзеге асырудағы адалдығы көзделеді.

Соттар мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы талап қоюды қараған кезде салық төлеуші контрагенттердің сенімділігі мен адалдығы нысанасы туралы ақпаратты алу құқығын іске асырғанын ескергені жөн.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

8. Шот-фактураларды жарамсыз деп тану туралы талап қою берілген жағдайда шот-фактуралар жазбаша нысанда жасалған мәмілелер деп таныла алмайтынын ескеру қажет.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 151-бабы бірінші бөлігінің 1) тармақшасына сәйкес мұндай талап қоюды қабылдаудан бас тартылуға тиіс, ал егер талап қою соттың іс жүргізуіне қабылданса, іс бойынша іс жүргізу АПК-нің 277-бабы 1) тармақшасының негізінде тоқтатылуға жатады.

Практикада шот-фактуралар ғана болып, оларды салық төлеуші салық міндеттемелерін орындау кезінде ескерген жағдайлар да кездеседі. Мұндай жағдайларда жасалғаны тек шот-фактурамен расталған мәміле дау айту нысанасы болуға тиіс. Салық органы талап қою нысанасын дұрыс көрсеткен және мәміленің жарамсыздығы дәлелдемелерінің жеткілікті жиынтығы болған кезде, сот оны барлық туындайтын салдарымен сондай деп тануы мүмкін.

**Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

9. Жауапкерлердің біріне қатысты тарату рәсімі аяқталған кезде (тарату негіздеріне қарамастан) мәмілені жарамсыз деп тану туралы іс бойынша іс жүргізуді тоқтатуға болмайды.

Егер іс бойынша әрекет ететін заңды тұлға немесе дара кәсіпкер болып табылатын және дау айтылған мәміленің шарттары мен ережелерін ескере отырып, өзінің салықтық міндеттемелерін айқындаған екінші жауапкер болса, талап қою мәні бойынша қаралуға жатады. Мұндай жауапкерге қатысты мәлімделген талап оның контрагентінің таратылуына қарамастан, мәні бойынша шешілуге тиіс.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

10. Салық органы заңды тұлғаны құру кезінде заңнаманың түзетуге келмейтін сипатта бұзылуына жол берілуіне байланысты заңды тұлғаны тіркеуді жарамсыз деп тану негізі бойынша соттарға оны тарату туралы талап қоюды беруге құқылы (АК-нің 49-бабы 2-тармағының 2) тармақшасы).

Баяндалғанды ескере отырып, сотқа тіркеуді жарамсыз деп тану туралы емес, заңды тұлғаны тарату туралы талап қою берілуге жатады.

Қолданыстағы заңнамада заңды тұлғаны тіркеудің жарамсыздығы негіздерінің толық тізбесі қамтылмаған. Соттар істі қарау кезінде іс үшін маңызы бар нақты мән-жайларды негізге ала отырып, заңды тұлғаны құру кезінде заңдылықтың өрескел бұзылуына жол беру фактісін және оның жойылмайтын сипатын белгілеуге тиіс.

Соттың мұндай талап қоюларды қанағаттандыруы тарату туралы сот шешімі шығарылған заңды тұлға үшін де, оның контрагенттері үшін де құқықтық салдарға алып келеді. Сондықтан соттар заңды тұлғаны құру кезінде жіберілген бұзушылықтарды оның өз қызметін жүзеге асыру кезінде жол берілген бұзушылықтарынан ажыратуы керек.

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі № 2198 Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы заң) 1-бабының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу мемлекеттік тіркеуге ұсынылған құжаттардың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігін тексеруді қамтитыны туралы ережесін негізге алу қажет.

Бұл ретте заңнама бұзушылықтар жоюға келмейтін болуға тиіс. Мысалы, виза алу қажеттілігі міндетті болған жағдайда заңды тұлға құрған, сондай-ақ заңды тұлғалар қатысушыларының құрамына кіру арқылы коммерциялық ұйымдардың жарғылық капиталына қатысатын шетелдіктердің бизнес-көшіп келушілер ретінде кіруге виза алмауы; коммерциялық емес ұйымның жарғысында оның негізгі мақсаты ретінде кіріс алу немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғысында жарғылық капиталдың бастапқы мөлшерін "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" 1998 жылғы 22 сәуірдегі № 220-І Қазақстан Республикасының Заңының 23-бабының 2-тармағында белгіленген сомадан кем болатын соманы көрсету осындай бұзушылықтар болып табылады.

Қалыптастырылған жарғылық капиталдың болмауы, құрылатын заңды тұлғаның басшысы етіп шетелдік жеке тұлғаны тағайындауға байланысты шетелдік жұмыс күшін тартуға уәкілетті органның рұқсатының болмауын, салықтық есептілікті ұсынбауын АҚ-нің 49-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген заңнаманы бұзушылықтарға жатқызуға болмайды. Осы және соларға ұқсас бұзушылықтар заңды тұлға өз қызметін жүзеге асыру кезінде жол берген бұзушылықтар болып табылады.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

11. Тарату (қайта тіркеуді жарамсыз деп тану) туралы мәлімделген заңды тұлғаларды сот іске жауапкерлер ретінде қатысуға тартуға тиіс.

Тең жауапкерлер ретінде тіркеуші орган, заңды тұлғаның құрылтайшылары ( қатысушылары) іске қатысуға міндетті түрде тартылуға жатады.

Заңды тұлғаны жүргізілген қайта тіркеуге ғана дау айтылған жағдайда, іске қатысуға алдыңғы қатысушыны (қатысушыларды) да тартқан жөн. Заңды тұлғаны қайта тіркеуді жарамсыз деп тану және бұрынғы тіркеу деректерін қалпына келтіру алдыңғы қатысушыға (қатысушыларға) оның қызметіне байланысты міндеттемелерді, оның ішінде салықтық міндеттемелерді жүктейді.



Заңды тұлғаны тарату (тіркеуді (қайта тіркеуді) жарамсыз деп тану) туралы талап қою қанағаттандырылған жағдайда салықтық бақылау жүргізу туралы мәселені шешу салық органының өкілеттігіне кіреді және салық заңнамасында көзделген шаралар қабылданған кезде ғана контрагенттердің құқықтары мен заңды мүдделері қозғалуы мүмкін, олар салық органдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айту шеңберінде өздерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды жүзеге асыруға құқылы.

**Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

12. Заңды тұлғаны құруға (қайта тіркеуге) қатысы жоқ басшыны - жеке тұлғаны және (немесе) құрылтайшыны (қатысушыны) көрсете отырып, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) оны таратуға (қайта тіркеуді жарамсыз деп тануға) негіз болып табылады.

Конституцияның 26-бабының 4-тармағына, АҚ-нің 10-бабына, Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кәсіпкерлік кодекс) 2-бабына сәйкес құрылтайшы (қатысушы) қабылдаған шешімнің негізінде заңды тұлға құру арқылы жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыру үшін осы тұлғаның тиісті түрде ресімделген және білдірілген еркі болуы қажет.

Іс жүзінде заңды тұлға көбінесе құжаттарды қолдан жасау, жоғалған құжаттарды пайдалану, тіркеу (қайта тіркеу) жүргізілген тұлғаны жаңылыстыру жолымен және осы тұлғаның салық органына не сотқа берген түсіндірмелерімен расталған өзге де мән-жайлар бойынша заңсыз құрылған.

Тиісінше, мұндай мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) Қазақстан Республикасының заңнамасын жоюға келмейтін сипатта елеулі түрде бұзылуына жол беру арқылы жүргізілген.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

13. Соттарға АҚ-нің 49-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес орналасқан жері бойынша немесе нақты мекенжайы бойынша заңды тұлға, сондай-ақ заңды тұлға бір жыл ішінде оларсыз жұмыс істей алмайтын құрылтайшылар (қатысушылар) және лауазымды адамдар болмаған жағдайда заңды тұлғаны тарату туралы шешім қабылдай алатыны түсіндірілсін.

Жоғарыда көрсетілген белгілер жиынтығының болмауы талап қоюшының талабын қанағаттандырудан бас тарту үшін негіз болып табылады, өйткені салық органдарының өзге де ден қою тәсілдері бар.

Салық кодексінің 70-бабының 4, 5-тармақтарына сәйкес Салық кодексінің 70-бабының 2-тармағы 3) тармақшасында көрсетілген негіз бойынша жүргізілген салықтық зерттеп-қарау нәтижесінде тіркеу деректерінде көрсетілген орналасқан жері

бойынша салық төлеушінің іс жүзінде болмауы анықталған жағдайда салық органы мұндай салық төлеушіге салық төлеушінің орналасқан жерін (оның болмауын) растау туралы хабарлама жібереді.

Салық төлеуші талапты орындамаған жағдайда салық органы банктік шоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрады не банктік шоттар болмаған кезде ҚҚС бойынша тіркеу есебінен шығарады.

Заңды тұлғаны тарату (қайта тіркеуді жарамсыз деп тану) туралы талап қоюмен жүгінген кезде заңды тұлғаның тіркелген жері бойынша болмауы негізінде сот анықтауға жататын мән-жайлар қатарына: заңды тұлғаның нақты орналасқан жерін анықтау, сондай-ақ салық органының салық төлеушінің орналасқан жерін (болмауын) растау туралы хабарламаны орындамаған деп тану туралы шешімінің болуы және оны салық төлеушіге жіберу фактісін анықтау жатады.

Заңды тұлғаны тарату (қайта тіркеуді жарамсыз деп тану) туралы талап қою тіркеу (қайта тіркеу) кезінде заңды тұлғамен байланысу, сондай-ақ салықтық бақылауды жүзеге асыру мүмкіндігін болдырмайтын, заңды тұлғаның мекенжайы туралы анық емес мәліметтерді қасақана бергенін куәландыратын мән-жайлар орын алған кезде де қанағаттандырылуға жатады.

Мынадай мән-жайлар заңды тұлғаның орналасқан жері туралы мәліметтердің анық еместігін куәландыруы мүмкін:

құжаттарда көрсетілген мекенжайдың іс жүзінде болмауы;  
үй-жайды жалға алудың жалған шарты ұсынылуы;  
өзге де мән-жайлар.

Заңды тұлғаның тіркелген (қайта тіркелген) жері бойынша болмауын оның тұрақты жұмыс істейтін органының көрсетілген мекенжай бойынша орналаспаған, жүргізілген салықтық зерттеп-қарау нәтижелерінің теріс болуы, пошта хат-хабары адресаттың болмауына байланысты оны тапсыру мүмкін емес деген белгімен қайтарылғаны туралы деректер куәландырады.

**Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

14. Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық іс бойынша қорытынды шешімнің болмауы заңды тұлғаны тарату (қайта тіркеуді жарамсыз деп тану) туралы талап қоядан бас тарту үшін сөзсіз негіз бола алмайды.

Соттар істі қарау кезінде істің нақты мән-жайларын негізге алып, анықталған мән-жайларға байланысты өз түйіндерін қылмыстық іс бойынша қорытынды шешімнің болуымен не болмауымен ғана байланыстырмай, шешім шығаруға тиіс.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

15. Қатысушылар құрамының өзгеруіне байланысты заңды тұлғаны қайта тіркеуге дау айту туралы істер бойынша соттар заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы Заңның 14-бабының ережелерін ескеруге тиіс.

Осы нормада шаруашылық серіктестіктерді мемлекеттік қайта тіркеу үшін қатысушылардың құрамын өзгерту негізінде Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне және құрылтай құжаттарына сәйкес шаруашылық серіктестіктен шығатын қатысушының серіктестіктің мүлкіндегі (жарғылық капиталындағы) үлеске немесе оның бір бөлігіне құқығын иеліктен шығарғанын (басқаға бергенін) растайтын құжат ұсынылатыны көзделген.

Мұндай шарттың тарабы жеке тұлға болып табылса, шартты нотариат куәландыруға тиіс.

Істерді қарау кезінде соттар мұндай мәмілелерге сот тәртібімен дау айтылған-айтылмағанын, осы мәмілелерге дау айтылатын-айтылмайтынын немесе заңның тікелей нұсқауына байланысты мәмілелер маңызсыз болып табылатын-табылмайтынын анықтау қажет.

Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу тіркеуші органның әкімшілік актісі болып табылады, осыған байланысты мұндай қайта тіркеуді жарамсыз деп тану туралы талап қою әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібімен қаралуға жатады.

**Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

16. Дара кәсіпкерді немесе заңды тұлғаны тіркеуді жарамсыз деп тану, сондай-ақ заңды күшіне енген сот шешімінің негізінде заңды тұлғаны қайта тіркеуді жарамсыз деп тану кезінде көрсетілген тұлғаларды ҚҚС бойынша тіркеу есебінен шығару осындай есепке қою күнінен не қайта тіркеу күнінен бастап жүргізілетіні Салық кодексінің 85-бабы 4-тармағының 4), 5) тармақшаларында және 6-тармағының 2), 3) тармақшаларында белгіленген.

Бұл ережелер салық органы шешім шығарған немесе әрекет (әрекетсіздік) жасаған кезде қолданысқа енгізілген заң нормаларына сәйкес жүзеге асырылатын салықтық әкімшілендіруге жатады.

Салық кодексінің 400-бабының 1-тармағына сәйкес тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді алушыда ҚҚС сомаларын есепке жатқызу құқығы туындауы үшін өнім беруші ҚҚС төлеуші болуы қажет.

Бұл ретте есепке жатқызылатын ҚҚС сомасынан алып тастау декларацияда ҚҚС есепке жатқызылатын ҚҚС ретінде танылған салық кезеңінде жүргізіледі.

Осындай өзара есеп айырысулар бойынша КТС, егер салық төлеуші бұрын мұндай шығыстарды камералдық бақылау нәтижелері бойынша өз бетінше алып тастамаса, құжаттық салықтық тексерулер нәтижесі бойынша есепке жазылуы мүмкін. Бұл ретте салықтық тексеру актісі салықтық бұзушылықтың толық сипаттамасы көрсетіле

отырып, салық және өзге де заңнаманың тиісті нормасына сілтеме жасала отырып жасалады. Салық төлеушінің контрагентін тарату (қайта тіркеуді жарамсыз деп тану) туралы заңды күшіне енген сот шешімінен басқа, КТС сомаларын есепке жазу үшін негіз ретінде осы тұлғалар арасындағы қаржы-шаруашылық операциялардың жарамсыздығын куәландыратын өзге де мән-жайлар көрсетілуі мүмкін.

**Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

17. Салық кодексінің 48-бабы 1-тармағына сәйкес мынадай:

салық органы салықты және бюджетке төленетін төлемдерді есептеуге, есепке жазуға немесе олардың есептелген, есепке жазылған сомасын қайта қарауға құқылы болатын;

салық төлеуші (салық агенті) салықтық есептілікті ұсынуға міндетті, салықтық есептілікке өзгерістер мен толықтырулар енгізуге, салықтық есептілікті кері қайтарып алуға құқылы болатын;

салық төлеуші (салық агенті) салықты және бюджетке төленетін төлемдерді, өсімпұлды есепке жатқызуды және (немесе) қайтаруды талап етуге құқылы болатын уақыт кезеңі салықтық міндеттеме мен талап бойынша талап қоюдың ескіру мерзімі деп танылады.

Салық кодексінің 48-бабына сәйкес салықтық міндеттеме мен талап бойынша талап қоюдың ескіру мерзімі үш жылды құрайды. Талап қоюдың ескіру мерзімі бес жылды құрайтын мына салық төлеушілер:

жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа сәйкес қызметті жүзеге асыратын;

Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес субъектілердің осындай санатына жатқызылған ірі кәсіпкерлік субъектілері;

Салық кодексінің 30-тарауының шарттарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасының резиденттері ерекше болып табылады.

Құқықтық актілер туралы заңның 11-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес егер нормативтік құқықтық актілерде немесе оларды қолданысқа енгізу туралы актілерде өзгеше көзделмесе, барлық нормативтік құқықтық акті тікелей қолданылады.

Қолданысқа енгізілген нормативтік құқықтық актілерді қолдану үшін қандай да бір қосымша нұсқаулар талап етілмейді.

Салық төлеушілер мен салық органдары салықтық құқықтық қатынастарға түсе отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға міндетті, күші жойылған және қолданысын тоқтатқан заңнама нормалары олар жойылғаннан кейін жасалатын, адамдардың әрекеттеріне қолдануға жатпайды.

Соттар 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап салықтық құқықтық қатынастарға қатысушылар ағымдағы салық кезеңінде алдыңғы салық кезеңдеріне қатысты әрекеттер

жасаған кезде Салық кодексінің бес жылдық талап қоюдың ескіру мерзімі туралы күші жойылған нормасын қолдануға құқылы емес екенін ескергені жөн, өйткені Салық кодексінің қолданыстағы нормасы бойынша мұндай мерзім, егер Салық кодексінде өзгеше көзделмесе, үш жылды құрайды.

Салық органдары салық төлеушіге және (немесе) салық агентіне талап қоюдың ескіру мерзімінің шегінен тыс талаптар қоюға құқылы емес. Бұл ретте Салық кодексі өсімпұлды есептеуді талап қоюдың ескіру мерзімімен шектемейді.

**Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

18. Салық органының салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің есептелген, есепке жазылған сомасын есепке жазу немесе қайта қарау құқығына қатысты талап қоюдың ескіру мерзімі Салық кодексінің 114-бабы 2-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген хабарламалар шығарылған күнге есептеледі.

Салық кодексінің 48-бабының 9-тармағында талап қоюдың ескіру мерзімі ұзартылатын жағдайлар белгіленген. Аталған баптың 10-тармағында талап қоюдың ескіру мерзімін тоқтата тұру жағдайлары көзделген.

Трансферттік баға белгілеу мәселелері бойынша салықтық тексеру жүргізу кезінде оның тоқтатыла тұруын ескере отырып, талап қоюдың жалпы ескіру мерзімі жеті жылдан аспауға тиіс.

Көрсетілген мәселелер бойынша тексеруді тоқтата тұрған кезде салық органы " Трансферттік баға белгілеу туралы" 2008 жылғы 5 шілдедегі № 67-IV Қазақстан Республикасының Заңының 8-бабының талаптарын сақтауға тиіс. Ескіру мерзімінің өтуі сұрау салу жіберілген кезде тоқтатыла тұруы мүмкін, ол мынадай талаптарға сәйкес келуге:

- мемлекеттің құзыретті органына (ұйымына) жолданған;
- дербестендірілген, тексерілетін салық төлеушіге қатысты жасалған;
- тексеру нысанасына кіретін мәселелер бойынша енгізілген болуға тиіс.

Соттар сұрау салу жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда мұндай сұрау салу жіберілген болып есептелмейтінін ескергені жөн.

Салық кодексінің 48-бабының 10-тармағына байланысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру шеңберінде жүргізілген салықтық тексеру аяқталған күннен бастап қылмыстық іс бойынша іс жүргізу аяқталғанға дейінгі уақыт кезеңі талап қоюдың ескіру мерзіміне кірмейді.

Салық органдарының салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің есептелген, есепке жазылған сомасын талап қоюдың ескіру мерзімі ішінде



қайта қарау құқығы көрсетілген мерзім сақталған жағдайда олардың Салық кодексінің 145-бабы 3-тармағында көзделген жоспардан тыс салықтық тексерулерді бұрын тексерілген кезең үшін жүргізуге құқылы екенін білдіреді.

Салық кодексінің 56-бабында салықтық міндеттемені тоқтату негіздерінің түпкілікті тізбесі айқындалған.

Мемлекеттік кіріс органдары есептеген, есепке жазған және салық төлеушілерге талап қоюдың ескіру мерзімдері шегінде төлеуге ұсынған салықтарды және бюджетке төленетін басқа да төлемдерді төлеу туралы салықтық талаптар бойынша талап қоюдың ескіру мерзімінің өтуі туындаған салықтық міндеттемені тоқтатпайды және салық төлеушіні оны орындаудан босатпайды.

**Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

19. Салық кодексінің 48-бабы 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес салық төлеуші (салық агенті) салық және бюджетке төленетін төлемдерді, өсімпұлды есепке жатқызуды және (немесе) қайтаруды талап етуге құқылы уақыт кезеңі салықтық міндеттеме мен талап бойынша талап қоюдың ескіру мерзімі болып танылады.

Салық органының салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің есептелген, есепке жазылған сомасын есепке жазуға немесе қайта қарау құқығын және салық төлеушінің салық және бюджетке төленетін төлемдерді, өсімпұлды есепке жазуды және (немесе) қайтаруды талап ету құқығын бөлу қажет. Мәселен, салық төлеушінің бюджеттен салықты қайтару құқығын іске асыру кезінде салық органы салықтың есептелген сомасын есептемейді және қайта қарамайды, бірақ бюджеттен салықты қайтаруды растайды не растаудан бас тартады.

Осыған байланысты салық төлеушілердің салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді, өсімпұлды есепке жатқызуды және (немесе) қайтаруды талап ету құқығына қатысты талап қоюдың ескіру мерзімін есептеу кезінде салықтық тексеру нәтижелері бойынша шешім, оның ішінде салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарлама шығарылған күнді емес, Салық кодексінің 101-бабы 4-тармағының 1) тармақшасында көзделген салықтық өтінішті немесе Салық кодексінің 431-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген ҚҚС-ның асып кету сомасын қайтару туралы талапты салық органының қабылдау (тіркеу) күнін назарға алған жөн.

**Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

20. Сот АК-нің 179-бабының 2-тармағына сәйкес талап қоюдың ескіру мерзімін сот шешім шығарғанға дейін дауда тарап жасаған мәлімдеме бойынша ғана қолданады.

Соттар заңның осы нормасы АК-нің 1-бабының 4-тармағына байланысты салық дауларына қолданылмайтынын ескеруге тиіс. Салық заңнамасында белгіленген талап

қоюдың ескіру мерзімінің сақталуын сот бұл туралы тараптардың арызы бар-жоғына карамастан тексеруге міндетті.

**Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

21. Соттардағы мемлекеттік баж алу объектілері, мөлшерлемелері және оны төлеу тәртібі Салық кодексінің 609, 610, 623-баптарында белгіленген.

Мемлекеттік баж мөлшерлемелері, егер Салық кодексінің 610-бабында өзгеше белгіленбесе, республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және мемлекеттік баж төленген күні қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің еселенген мөлшерінде немесе талап қою сомасының пайызында айқындалады.

Жеке және заңды тұлғалардың салық органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасау және дара кәсіпкерлердің, шаруа немесе фермер қожалықтарының, заңды тұлғалардың тексеру актілері бойынша хабарламаларға дау айтуы туралы істер бойынша мемлекеттік баж Салық кодексінің 610-бабы 1-тармағының 2), 3), 4) тармақшаларында белгіленген мөлшерде алынады.

Салық кодексінің 616-бабында соттарда мемлекеттік баж төлеуден босату негіздерінің толық тізбесі белгіленген.

Егер талап қоюшы мемлекеттік бажды бюджеттік сыныптамааның қате кодына төлесе, не толық мөлшерде төлемесе, онда Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ӘРПК) 138-бабының төртінші бөлігіне сәйкес судья талап қоюшыға осы кемшіліктерді көрсетеді және оларды түзету үшін мерзім белгілейді.

Төленген мемлекеттік баж сомаларын қайтару жағдайлары мен тәртібі Салық кодексінің 108-бабында регламенттелген.

Аталған норманың 4-тармағында іс бойынша тарап болып табылатын мемлекеттік мекемеден мемлекеттік баж сомасын қайтару үшін қажетті салық органына ұсынылуға жататын құжаттардың (салықтық өтініш және соттың заңды күшіне енген шешімі) толық тізбесі қамтылған. Сот мемлекеттік мекемеден мемлекеттік бажды өндіріп алу туралы атқарушылық парақты жазып бермейді.

**Ескерту. 21-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

22. Камералдық бақылау салық органдары тексеру тағайындау және жүргізу рәсімінсіз жүзеге асыратын мемлекеттік бақылау нысандарының бірі болып табылады.

Камералдық бақылаудың мақсаты – Салық кодексінің 96-бабына сәйкес салық органдарында тіркеу есебіне қою және (немесе) салықтық есептілікті ұсыну және (немесе) салықты және бюджетке төлемдерді төлеу арқылы салық төлеушіге анықталған бұзушылықтарды өз бетінше жою құқығын беру.

Салық органдары бұзушылықтарды салық төлеуші (салық агенті) ұсынған салықтық есептілікті, уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерін, сондай-ақ салық төлеушінің қызметі туралы басқа да құжаттар мен мәліметтерді зерделеу және талдау негізінде анықтауы мүмкін.

Салық кодексінің 96-бабының 2-тармағына сәйкес камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаның (бұдан әрі – камералдық бақылау нәтижелері бойынша хабарлама) орындалуы деп:

хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіскен жағдайда – салық төлеушінің (салық агентінің) анықталған бұзушылықтарды Салық кодексінің 96-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген тәсілдермен жоюы;

хабарламада көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда – Салық кодексінің 96-бабының 3-тармағында көрсетілген бұзушылықтарды қоспағанда, салық төлеушінің (салық агентінің) хабарламаны жіберген салық органына анықталған бұзушылықтар бойынша түсініктеме беруі танылады.

Кез келген жағдайда салық төлеуші мына әрекеттердің бірін жасауға: бұзушылықтарды жоюға, түсініктеме беруге немесе шағым беруге құқылы.

Салық төлеушінің Салық кодексінде белгіленген мерзімде Салық кодексінің 96-бабы 3-тармағында көрсетілмеген және Салық кодексінің 96-бабы 2-тармағы 2) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін анықталған бұзушылықтар бойынша түсініктеме беруі камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаның орындалуы деп танылады және олардың негізділігін мәні бойынша тексеруді талап етпейді.

**Ескерту. 22-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

23. ӘРПК-нің 135-бабының екінші бөлігіне (тану туралы талап қою) байланысты талап қоюшы бұдан былай заңды күші жоқ, ауыртпалық түсіретін әкімшілік актіні заңсыз деп тануды талап етуі де мүмкін, сондықтан камералдық бақылау нәтижелері бойынша орындалған хабарламаға дау айту туралы талап қоюлар соттың қарауына жатады.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша хабарламаға дау айту туралы талап қою әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібімен қаралуға жатады.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған Салық кодексінің 96-бабы 3-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген бұзушылықтарды жою туралы хабарламаларға дау айту туралы талап қоюларды қарау кезінде сот тіркелуі (қайта тіркелуі) Салық кодексінің 96-бабы 5-тармағына сәйкес заңды күшіне енген сот шешімімен жарамсыз деп танылған осы заңды тұлғадан және (

немесе) дара кәсіпкерден тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді іс жүзінде алғанын растау үшін салық төлеуші ұсынған дәлелдемелерге баға беруге және оларды зерттеуге міндетті.

Барлық өзге жағдайларда сот салық органында оның талаптарының мәні бойынша негізділігін тексермей хабарлама шығару үшін заңда көзделген негіздердің бар-жоғын анықтауы жеткілікті. Олай болмаған жағдайда болашақ салықтық тексерулердің, оның ішінде камералдық бақылау нәтижелері бойынша хабарламаны орындамау мәселесі бойынша жоспардан тыс тақырыптық тексерулердің нәтижелері алдын ала шешілетін болады.

Салық органы:

түсініктеме салық төлеушінің ұсынуына жатпайтын (Салық кодексінің 96-бабының 3-тармағы) және бұзушылықтар жойылмаған;

камералдық бақылау нәтижелері бойынша хабарламаға түсініктеме ұсыну не шағым беру үшін Салық кодексінде белгіленген мерзім өткізіп алынған және бұзушылықтар жойылмаған;

заңды күшіне енген сот шешімімен Салық кодексінің 96-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушіге шығарылған хабарламаны заңсыз деп тану туралы талап қоюды қанағаттандырудан бас тартылған және бұзушылықтар жойылмаған жағдайларда да хабарламаны орындалмаған деп тану туралы шешім шығаруға құқылы.

Хабарламаны орындалмаған деп тану туралы шешімге шағымды (талап қоюды) салық төлеуші оны жоғары тұрған салық органына және (немесе) уәкілетті органға немесе сотқа табыс еткен (алған) күннен бастап он жұмыс күні ішінде беруі мүмкін.

Шағым (талап қою) берілуі мүмкін органды таңдау құқығы салық төлеушіге тиесілі.

**Ескерту. 23-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

24. Салық кодексінің 19-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына байланысты салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің толық және уақтылы түсуін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді орындау мақсатында салық органдары Салық кодексіне сәйкес салықтық міндеттемені орындауды қамтамасыз ету тәсілдерін қолдануға және салықтық берешекті мәжбүрлеу тәртібімен өндіріп алуға міндетті. Мерзімінде орындалмаған салықтық міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдері және салықтық берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары тиісінше, Салық кодексінің 13 және 14-тарауларында көзделген.

Дара кәсіпкер болып табылмайтын жеке тұлғаға, жеке практикамен айналысатын адамға қатысты салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің төленбеген сомасына өсімпұл есепке жазу ретінде мерзімінде орындалмаған салықтық міндеттеменің орындалуын қамтамасыз етудің осындай тәсілі ғана қолданылуы мүмкін. Оған салықтық берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары қолданылмайды.

Осы Ережелер дара кәсіпкер болып табылатын жеке тұлғаның, жеке практикамен айналысатын адамның аталған қызметті жүзеге асыруымен байланысты емес кіріс алуынан қалыптасқан салықтық берешегіне қатысты да қолданылады.

Бұл ретте Салық кодексінің 117-бабының 3-тармағына байланысты салық органдарының тиісті салықтық кезең үшін салықты төлеу мерзімі басталғаннан кейін салықтың есептелген сомаларын қайта қарауы нәтижесінде пайда болған жеке тұлғалардан алынатын мүлік салығы, жер салығы және көлік құралдары салығы бойынша бересі сомасына өсімпұл есепке жазылмайтынын назарда ұстаған жөн.

**Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

25. Салық кодексінің 116, 120-баптарына сәйкес салық төлеушінің (салық агентінің) мүлкіне билік етуін шектеу мерзімінде орындалмаған салықтық міндеттеменің орындалуын қамтамасыз ету тәсілдерінің бірі болып табылады.

Заңда белгіленген тәртіппен өткізілген, билік етуі шектелген мүлікті сауда-саттықта (аукционда) сатып алған кезде сатып алынған мүліктің құнын төлеу жөніндегі міндеттемелерді толық орындаған, бірақ салық органы шешімінің негізінде ауыртпалықтың болуына байланысты меншік құқығын өзіне тіркеуге мүмкіндігі жоқ сатып алушы сотқа сауда-саттықта (аукционда) сатып алынған мүлікті тізімдемеден алып тастау туралы талап қою тәртібімен талап етуге құқылы.

Мүлікті сауда-саттықта (аукционда) сатып алған адамның құқықтарын қорғау сатып алушының құқықтарын тіркеуден бас тартқан тіркеуші органның әрекетсіздігіне дау айту және оған тиісті мемлекеттік тіркеуді жүргізу міндетін жүктеу арқылы жүзеге асырылмайды. Бұл жағдайда тіркеуші органның әрекетсіздігін заңсыз деп танудың құқықтық негіздері жоқ, өйткені ол салық органының шешімін орындау үшін ауыртпалықты тіркеген.

Соттар салық заңнамасында кепілге салынған мүлікке билік етуге шектеуді қолдануға тыйым салатын нормалар жоқ екенін назарда ұстағандары жөн.

Салық органы шешімінің болуы осы мүлікті сауда-саттықта өткізу үшін кедергі болып табылмайды.

Салық кодексінің 124-бабына сәйкес салық төлеуші және (немесе) үшінші тұлға кепілге салған мүлікті, сондай-ақ салық төлеушінің (салық агентінің) билік етуі шектелген мүлкін өткізу тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

**Ескерту. 25-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

26. Салықтық берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары Салық кодексінің 121-бабының 3-тармағында белгіленген тәртіппен салық төлеуші – заңды тұлғаға, заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесіне, Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты



мекеме арқылы жүзеге асыратын бейрезидентке, дара кәсіпкерге, жеке практикамен айналысатын адамдарға қолданылады. Әрбір келесі шара егер алдыңғы шараны қолдану нәтижесінде салықтық берешек өтелмеген кезде қолданылады. Осыған байланысты салық органы салықтық берешекті ақша есебінен өндіріп алу жөнінде тиісті шаралар қабылданғаннан кейін ғана салық төлеушінің билік етуі шектелген мүлікті өткізуге көшуге құқылы.

**Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

27. Салық кодексінің нормаларымен салық төлеушілерден салықтық берешекті соттан тыс тәртіппен өндіріп алу мүмкіндігі толық көлемде қамтамасыз етілген. Сондықтан салық органдарының салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша бересіні және өсімпұлды осы тұлғалардан өндіріп алу туралы талап қоюлары азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қаралуға және шешуге жатпайды.

Алайда бейрезиденттің Қазақстан Республикасындағы қызметінің нәтижесінде пайда болған салықтық берешегін тұрақты мекеме арқылы өтеу үшін Қазақстан Республикасының аумағында мүлкі болмаған немесе жеткіліксіз болған кезде салық органдары бейрезиденттен көрсетілген берешекті өндіріп алу туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге құқылы. Бұл ретте Шаруашылық қызметті жүзеге асыруға байланысты дауларды шешу тәртібі туралы келісімнің (Киев, 1992 жылғы 20 наурыз) 4-бабының 1-тармағын және АПК-нің 30-бабының үшінші бөлігін негізге алу қажет.

**Ескерту. 27-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

28. Талап қоюшылардың салық органдарының әрекеттері мен актілеріне шағым жасауының барлық кезеңінде сот әкімшілік қалау болған жағдайларда тараптарды татуластыру және дауды салық органының өз бетінше шешу мүмкіндіктерін қарау керек (мысалы, техникалық қателер болған кезде ақпараттық жүйелерге өзгерістер енгізу, камералдық бақылау хабарламалары үшін "орындалған" мәртебесін көрсету және тағы басқа).

**Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

29. Салық кодексінің 178-бабы 1-тармағына сәйкес салық төлеушінің (салық агентінің) тексеру нәтижелері туралы хабарламаға шағымын соттан тыс тәртіппен қарау және ол бойынша шешім қабылдау уәкілетті органның құзыретіне жатқызылған. Бұл ретте шағымның көшірмесін салық төлеуші (салық агенті) салықтық тексеруді жүргізген және салықтық тексерудің алдын ала актісіне салық төлеушінің (салық агентінің) қарсылықтарын қараған салық органына жіберуге тиіс.

Салық кодексінің 182-бабының 2-тармағына сәйкес салық төлеушінің (салық агентінің) тексеру нәтижелері туралы хабарламаға шағымын қарау қорытындылары бойынша уәкілетті орган шағым жасалған хабарламаны өзгеріссіз, ал шағымды қанағаттандырусыз қалдыру не шағым жасалған хабарламаның толық немесе бір бөлігін жою туралы шешім шығарады.

Шағымды қарау нәтижелері бойынша шағым жасалған хабарламаның бір бөлігінің күші жойылған жағдайда, салықтық тексеруді жүргізген салық органы жаңа хабарлама (салық төлеушінің (салық агентінің) тексеру нәтижелері туралы хабарламаға шағымын қарау қорытындылары туралы хабарлама) шығарады және оны салық төлеушіге (салық агентіне) жолдайды.

ӘРПК-нің 98-бабының алтыншы бөлігіне сәйкес арыз иесіне зиян келтіру үшін шағым жасауға жол берілмейді. Салық кодексінің 186-бабының тәртібімен тақырыптық тексеру салық төлеушінің (салық агентінің) шағымын қарау барысында тағайындалатындықтан, уәкілетті орган тексеру нәтижелері бойынша дау айтылған хабарламада есепке жазылмаған салықтың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, өсімпұлдардың қосымша сомаларын есепке жазу туралы шешім қабылдай алмайды.

Жоғары тұрған органның (уәкілетті органның) салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламаға берілген шағымды қарау нәтижелері бойынша қабылдаған шешімі сотта дау айтудың нысанасы бола алмайды, өйткені ол құқықтық салдарға алып келмейді. Салықтық тексерудің нәтижелері туралы хабарлама өзгеріссіз қалдырылған кезде көрсетілген хабарламаға, ал оның бір бөлігінің күші жойылған кезде тексеру нәтижелері туралы хабарламаға берілген шағымды қарау қорытындылары бойынша хабарламаға сот тәртібімен дау айтылуы мүмкін.

**Ескерту. 29-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

30. Салық кодексінің 148-бабына сәйкес нұсқама салықтық тексеру жүргізу үшін негіз болып табылады.

Тексеруді тағайындау туралы акт ретінде нұсқама сот дауының нысанасы болуы мүмкін, өйткені ол салық органының билік өкілеттіктерін жүзеге асыруы шеңберінде шығарылады, салық төлеуші (салық агенті) үшін құқықтық салдарға алып келеді.

Бұл ретте нұсқамаға шағым жасау кезеңінде салық төлеушінің тексерілетін кезеңге қатысты түзететін салықтық есептілікті ұсынуға құқығы жоқ.

Жоспардан тыс тексерулер Салық кодексінің 145-бабының 3-тармағында және Кәсіпкерлік кодекстің 144-бабының 3-тармағында санамаланған негіздер болмаған кезде тағайындалмайды және жүргізілмейді. Мұндай тексерулер жарамсыз, ал оларды

тағайындау туралы актілер тексеру жүргізу үшін негіздер болмаған кезде шығарылған, Кәсіпкерлік кодекстің 156-бабы 1-тармағының және 2-тармағы 1) тармақшасының негізінде заңсыз деп танылуға және олардың күші жойылуға жатады.

**Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

31. Салық кодексінің 159-бабы ережелерінің негізінде салықтық тексеру нәтижелері бойынша шешім салық органы салықтық тексеру нәтижелері бойынша шығарған салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарлама болып табылады, салық төлеуші ( салық агенті) салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу, аудару жөніндегі міндеттемелердің есепке жазылған сомаларымен, әлеуметтік аударымдарды және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар мен өсімпұлдарды есептеумен және төлеумен, залалдарды азайтумен, бейрезиденттердің кірістерінен төлем көзінен ұсталған ҚҚС-ның және ( немесе) корпоративтік (жеке) табыс салығының асып кету сомаларын қайтарудың расталмауымен келіспеген жағдайда сот тәртібімен хабарламаға ғана шағым жасалуға жатады. Сот дау айтылған сомаларды есепке жазудың заңдылығын салықтық тексеру актісінде жазылған түйіндерді ескере отырып тексереді.

Егер салық төлеуші салықтық тексеру актісінің жоғарыда келтірілген салдарға әкеп соқпаған, алайда өзінің құқықтары мен міндеттеріне, оның ішінде болашақ салықтық кезендерде де әсер ететін түйіндерімен келіспесе, аталған актіге дау айтуы мүмкін. Тексеру актісіне шағым жасау салық органдары лауазымды адамдарының әрекеттеріне шағым жасау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламаны орындау салық төлеушіні орындалған хабарламаға Салық кодексінде көзделген тәртіппен және мерзімдерде шағым жасау құқығынан айырмайды.

Салықтық тексеру актісінің мазмұны Салық кодексінің 158-бабы 1-тармағының талаптарына сәйкес келуге тиіс. Салық органының салық төлеуші (салық агенті) жол берген Қазақстан Республикасының салық және өзге де заңнамасын бұзу туралы тұжырымдары заңнама нормаларына сілтеме жасалып, бұзушылықтар туралы куәландыратын дәлелдер негізделіп және мән-жайлар ашылып баяндалуға тиіс.

ӘРПК-нің 129-бабының үшінші бөлігіне сәйкес салықтық тексеру нәтижелеріне шағым жасау туралы талап қоюды қарау кезінде салық органы салықтық тексеру актісінде жазылған, салық төлеушінің салық және өзге де заңнаманы бұзғанын куәландыратын түйіндер мен негіздемелерге ғана сілтеме жасай алады.

Салық органының салық сомасын есепке жазуы не кірістерді, шығыстарды және есепке жатқызуды түзетуі Салық кодексінің талаптарына сәйкес тиісті фактілер расталған кезде мүмкін болады.

**Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

32. Салық кодексінің 6-бабында белгіленген салық салудың айқындылығы қағидатына сәйкес Қазақстан Республикасының салық және бюджетке төленетін төлемдері айқын болуға тиіс.

Салық салудың айқындылығы салық төлеушінің салықтық міндеттемесінің, салық агентінің салықты есептеу, ұстап қалу және аудару жөніндегі міндеттерінің туындауының, орындалуының және тоқтатылуының барлық негізі мен тәртібінің Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленуін білдіреді.

**Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

33. Сотқа талап қоюмен жүгінуге арналған мерзім: салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламаға тікелей сотта дау айтылған жағдайда – Салық кодексінің 115-бабының 1, 2, 3-тармақтарында белгіленген тәртіппен ол табыс етілген күннен бастап, ал уәкілетті органға алдын ала шағым жасалған жағдайда – салық төлеушіге, салық агентіне осы органның шағымды толық немесе бір бөлігінде қанағаттандырусыз қалдыру туралы шешімі туралы белгілі болған күннен бастап немесе Салық кодексінде белгіленген шағымды қарау, егер мұндай шағым бойынша шешім қабылданбаған болса, мерзімі өткен күннен бастап есептеледі. Егер салық төлеушінің, салық агентінің шағымын қарау нәтижелері бойынша жаңа хабарлама шығарылса, оған сотта дау айту мерзімі белгіленген тәртіппен жаңа хабарлама тапсырылған күннен бастап есептеледі.

Салық органдары лауазымды адамдардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айту кезінде көрсетілген мерзім салық төлеушіге, салық агентіне оның құқықтарының және заңмен қорғалатын мүдделерінің бұзылғаны туралы не жоғары тұрған салық органының оның шағымын толық немесе бір бөлігін қанағаттандырусыз қалдырғаны туралы белгілі болған күннен бастап есептеледі.

34. Салық кодексінің 4-бабына сәйкес салық салу қағидаттарына салық салудың міндеттілігі, айқындылығы, әділдігі, адалдығы, салық жүйесінің бірлігі және Қазақстан Республикасының салық заңнамасының жариялылығы қағидаттары жатады.

Салық кодексінің 8-бабының 1, 2-тармақтарына сәйкес салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық міндеттемені орындау жөніндегі әрекеттерді (әрекетсіздікті) жүзеге асырудағы адалдығы көзделеді.

Салық төлеушінің (салық агентінің) салықтық пайда алу (салықтық үнемдеу) және салықтық төлемдерді азайту мақсатында өзінің заңсыз әрекеттерінен пайда табуына жол берілмейді.

Салық органының дау айтылатын актіні қабылдауы үшін негіз болған мән-жайларды дәлелдеу міндеті салық органына жүктеледі.

ӘРПК-нің 128-бабына сәйкес дәлелдемелерді, дәлелдемелер ретінде жол берілмейтін нақты деректерді, дәлелдеу нысанасы мен дәлелдемелердің дереккөздерін құқықтық реттеу, сондай-ақ дәлелдемелерді (дәлелдеуді) жинау, зерттеу, бағалау және пайдалану тәртібі және дәлелдемелер мен дәлелдеу туралы басқа да ережелер ӘРПК-де белгіленген ерекшеліктерді қоспағанда, АПК-нің нормаларында айқындалады.

ӘРПК-нің 128-бабының ережелері ескеріле отырып, салық төлеушіде салық пайдасы туындауының заңсыздығы дәлелдемелерін сотқа ұсыну бойынша міндет салық органына жүктелген.

**Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

35. Салық төлеуші салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламаға не Салық кодексінің 18-тарауының 2-параграфында белгіленген салықтық тексерулер жүргізу тәртібі мен мерзімдерін салық органының бұзушылықтар негізі бойынша тексеру актісіне дау айтқан кезде сот жол берілген бұзушылықтардың сипатын және олардың тексеру нәтижелерінің заңдылығы мен негізділігіне әсерін бағалауды негізге алуы керек. Атап айтқанда, Салық кодексінің 148-бабына сәйкес салықтық тексеру жүргізу үшін негіз болып табылатын нұсқамасыз не кейіннен заңсыз деп танылған нұсқаманың негізінде жүргізілген тексеру нәтижелері заңсыз деп танылуға жатады.

Егер Кәсіпкерлік кодексінің 146-бабының 1-тармағын бұза отырып, қарсы тексеруді қоспағанда, салықтық тексеруді жүргізуге арналған нұсқама құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органда тіркелмеген болса, жоғарыда көрсетілген салдар туындайды.

**Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Жоғарғы Сотының 28.11.2024 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) нормативтік қаулысымен.**

36. Салық кодексінің 145-бабының 3-тармағында жоспардан тыс салықтық тексерулерді, оның ішінде Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде көзделген негіздер бойынша жүргізу жағдайлары көзделген. Салық органы көрсетілген тексерулерді салық заңнамасында көзделген барлық рәсімдерді сақтай отырып тағайындайды және жүргізеді.

Қылмыстық істі тоқтату осындай салықтық тексеруді тоқтату үшін негіз болып табылмайды. Басталған тексеру Салық кодексінің 158-бабына сәйкес салықтық тексеру



актісін жасау және негіздер болған кезде салық заңнамасында көзделген шараларды қабылдау арқылы аяқталуға жатады.

37. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Салық заңнамасын қолданудың сот практикасы туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 29 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысы;

2) "Салық заңнамасын қолданудың сот практикасы туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2017 жылғы 29 маусымдағы № 4 нормативтік қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2020 жылғы 4 наурыздағы № 4 нормативтік қаулысы.

38. Конституцияның 4-бабына сәйкес осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына қосылады, жалпыға бірдей міндетті болып табылады және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Сотының Төрағасы*

*А. Мерғалиев*

*Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Сотының судьясы,  
жалпы отырыс хатшысы*

*Г. Әлмағамбетова*